

Е.Бозғұлов атындағы № 249 мектеп – лицей
2022-2023 оқу жылы бойынша
бір мезгіл ыстық тамақтың берілуі және санитарлық –
гигиеналық талаптардың сақталуы туралы

АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022жылғы 8 тамыздағы №544қаулысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24сәуірдегі №158 бұйрығы,¹⁰ қосымшасын басшылыққа ала отырып, 2022жылдың тамыз - қыркүйек айларында сынып жетекшілермен бірлесе отырып, әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың ата -аналарына бір мезгіл ыстық тамаққа құжаттар «Еқов» порталында ата -ананың жеке электронды кілті арқылы жұмыс жасалатындығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын басшылыққа ала отырып, құжаттары «Еқов» порталында тіркелген әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға мектеп - лицей директорының бұйрығы шығарылды. Бұйрық бойынша аз қамтамасыз етілген отбасындағы 195 оқушының тізімі журналға тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 жарлығының 77 - ші іс -шара жоспарын басшылыққа ала отырып, бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында мектеп - лицей директорының бұйрығы бекітілді. 2023 жылдың 9 қаңтар күнінен бастап 1-4 сынып бойынша 817 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Оқушылардың тамаққа өз уақытында тамаққа баруы, қауіпсіздігін сақтауын қамтамасыз ету сынып жетекшілерге міндеттелінді.

2022-2023 оқу жылының ІІІ оқу тоқсанынан бастап аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларды тамақтандырумен қамтамасыз ету мақсатында 5 - 8 сынып бойынша барлығы 66 оқушы қамтылды.

2018жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларының 109 тармағын басшылыққа ала отырып, мектеп - лицей директорының бұйрығымен қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар комитетінің төрағасы, мектеп әкімшілігі өкілдері, мектеп- лицей мейіркештерінің қатысуымен тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия төрағасы мектеп - лицей директоры болып табылады. Комиссия мүшелерінің қатысуымен асхана тазалығын, асхана қызметкерлерінің санитарлық – гигиеналық талапқа сай болуын, ас үйге келіп түсетін азық – түліктердің жарамдылығын бақылау

жұмыстары, тамақтың сапасы туралы тексеру нәтижелерін астың бракераждық журналға тіркеу жұмыстары және асханадағы материалдық құндылықтардың сапасы қадағалап отыру мақсатында комиссия мүшелерімен айына екі мәрте мониторинг жүргізіліп отырылады. Мектеп - лицей директоры білім беруді басқару органы бекіткен перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын тамақтардың алдағы күнге шығуын көрсете отырып, ас мәзірін бекітіледі және оны асханаға және білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері үшін қолжетімді жерге орналастырылған.

«Тамақтану айдары» бойынша мектеп - лицейіміздің ресми сайтына тамақтану сапасын мониторинг жүргізудегі комиссия мүшелерінің актісі, бекітілген 4 апталық ас мәзірі, хаттама мерзімінде енгізілді.

Бекітілген комиссия мүшелерінің қатысуымен асхана қызметтері мен бір мезгіл ыстық тамақтың берілуі және санитарлық тазалығы бақылау жұмысы жүргізіліп отырылды. Асхананың материалдық құндылықтарының жағдайы, асхана қызметкерлерінің формалары талапқа сай. Тамақтың қазанға түсуі, жарамдылық мерзімдері, ас мәзіріне сәйкес берілуін мейіркештер Б.Нысанбаева, Н.Серімбет күнделікті міндетті түрде өз бақылауында ұстап отырады. Ата –аналар, оқушылар тарапынан шағым болған жоқ. Бұл жұмыс мектеп - лицейімізде үнемі жалғасын табады.

Сілтемесі: <https://www.facebook.com/share/p/ToAoGuBd7ZeLkfZV/>

Әлеуметтік педагог:  Ж.Рахметова

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшелерінің мектеп асханасына келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына байланысты рейд жүргізу сәтінен

